2026–2027 оқу жылы
«Әлихан Бөкейхан атындағы лицей-мектебі» КММ

Тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұйымдастыру, тамақтану сапасына жүргізілген мониторинг нәтижелері

АНЫҚТАМА

Қазан айында 2026–2027 оқу жылында білім алушылардың сапалы әрі қауіпсіз тамақтануын ұйымдастыру жұмыстары жалғасын тапты. Мектепте бастауыш сынып оқушылары мен әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасылардың балалары тегін тамақпен қамтамасыз етілді. Оқушылардың тамақтану жағдайы мен асханадағы тағамдардың сапасы күнделікті бақылауда болды.

Мақсаты

Білім алушылардың денсаулығын нығайтуға ықпал ететін сапалы, қауіпсіз және теңгерімді тамақтануды ұйымдастыру, әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан балаларға қолдау көрсету.

Міндеттері

- 1–4 сынып оқушыларын тегін тамақпен толық қамтамасыз ету;
- әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларды тегін тамақтандыру;
- асханадағы тамақтану сапасы мен қауіпсіздігін бақылау;
- дайын тағамдардың бекітілген ас мәзіріне сәйкестігін тексеру;
- тағамдардың сапасы мен мөлшерінің талапқа сай болуын қадағалау;
- асханадағы санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуын бақылау;
- оқушылар арасында дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру.

Атқарылған жұмыстар және қамту көрсеткіші

Қазан айында мектеп бойынша 1–4 сыныптың 433 оқушысы 100% тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді.

Әлеуметтік қолдауды қажет ететін аз қамтылған отбасылардан шыққан 25 оқушы тегін тамақтанумен қамтылды. Оның ішінде:

- 1–4 сынып – 13 оқушы;
- 5–11 сынып – 12 оқушы.

Сонымен қатар 3 оқушы арендаторлық тамақтандырумен қамтылды.

Ай бойы оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп, ас мәзірінің бекітілген талаптарға сәйкестігі назарда ұсталды.

Тамақтану сапасына жүргізілген мониторинг

Қазан айында мектеп асханасындағы тамақтану сапасына күнделікті бақылау жүргізілді. Оқушыларға ұсынылатын тағамдардың бекітілген ас мәзіріне сәйкестігі тексеріліп, тамақтың сапасы мен берілу тәртібі қадағаланды.

Мониторинг барысында:

- дайын тағамдардың бекітілген ас мәзіріне сәйкестігі;
- тағамдардың сапасы, дәмі және сыртқы көрінісі;
- тағамдардың белгіленген уақытта берілуі;

- санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуы;
- оқушыларға берілетін тағам мөлшерінің сақталуы бақылауға алынды.

Жүргізілген бақылау нәтижесінде оқушылардың тамақтануы белгіленген тәртіпке сәйкес ұйымдастырылып, асхана жұмысының сапасына тұрақты назар аударылды.

Нәтижесі

Қазан айының қорытындысы бойынша бастауыш сыныптың 433 оқушысы тегін тамақпен 100% қамтылды. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін 25 оқушы, оның ішінде 13 бастауыш және 12 жоғары сынып оқушысы тегін тамақтандырылды. Қосымша 3 оқушы арендаторлық тамақтандырумен қамтылды.

Оқушылардың тамақтану сапасына күнделікті мониторинг жүргізіліп, тағамдардың сапасы, мөлшері, ас мәзіріне сәйкестігі және уақытылы ұсынылуы бақылауда болды.

Қазан айында тегін және жеңілдетілген тамақтандыру жұмыстары жоспарға сәйкес жалғастырылды. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін балаларды тамақпен қамтамасыз ету және оқушылардың қауіпсіз тамақтану жағдайын бақылау жұмыстары жүйелі түрде жүзеге асырылды.

Әлеуметтік педагог **Есенғали Д.Қ.**

БТЖО **Қазбек А.О.**